

Ультракүлгін сәулелену әсери арқасында улылығы төмен циан құрамды қалдықтар бұзылған кезде фотохимиялық реакциялардың нәтижесінде адам баласы мен жылы қанды жануарлар үшін ете қауіпті болатын жоғары улы цианидтер түзілуі мүмкін [2].

Егер қалдықтар құрамында инфекциялық ауруларды тудыруға қабілетті микроагзалар болса, онда қоршаған ортаның өндірістік қалдықтарымен биологиялық ластануы ерекше қауіпті болып табылады. Осылайша, тері тазалайтын және көн дайындастырын кәсіпорындардың ағын суларында және қатты қалдықтарында белсенділігін сақтай отырып, қоршаған ортада он жылдықтар аралығында тіршілік ете алатын сібір язвасының тітіркендіргіштері бар екендігі аныкталды.

Барлық қалдықтардың ішінде ең үлкен мөлшерге өндірістік қалдықтар ие болады. Барлық өнеркәсіптік кәсіпорындарда орналасқан тазалағыш құрылғылар жұмысының нәтижесінде құрамында жинақталатын ластағыш заттар, тазалауға арналып қолданылған реагенттердің қалдықтары және олардың өзара әрекеттесуінің өнімдері бар қалдықтар түзіледі.

Қорытынды

Осындай қалдықтардың мөлшері жеткілікті дәрежеде көп болып келеді, құнды заттарды қолдану мақсатында оларды өңдеу мен зиянды қосылыстарды залалсыздандыру қажеттілігі пайда болады. Сол себептен қалдықтардың жіктемесінің әдістемелік негізін жасау аса маңызды мәселеге айналып отыр.

1. Ансеров Ю.М., Дурнев В.Д. Машиностроение и охрана окружающей среды. - Л.: Машиностроение, 1989. – 224 с.
2. Вайсман Я.И. Управление отходами. Захоронение твердых бытовых отходов: учебное пособие / Я.И. Вайсман., В.Н. Коротаев., В.Ю. Петров. – Пермь, 2001. – 133 с.

* * *

В статье рассматриваются методические основы классификации отходов производства и потребления, которое имеет особо важное значение в условиях использования их в качестве вторичных ресурсов в контексте их эффективного применения в производственном процессе. Особое внимание уделяется токсичным отходам в связи с опасностью их практического применения.

In article considers bases of methodical classifications waste manufactures and consumption which has important value to use conditions them to second quality resources in context their effective applications in production. The special attention is given to communication toxic waste with their danger practical application.

ӘОЖ 502.174.1.(043.3)

ТЕХНО-ЭКО-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ҚАЙТАЛАМА РЕСУРСТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Есіркепова А.М.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Кіріспе. Концепция қайталама ресурстар (КРес) нарығының даму мақсаттары мен негізгі міндеттерін, осы міндеттерін іске асырудың шаралары бағыттарын, сонымен қатар күтілетін нәтижелерін анықтайды. Концепцияға КРес-дың нарық дамуына себепші болатын болжамдалатын жеке шаралар қосылған. Концепцияда қалдықтардың тұтынуышылық сұранысқа ие өнімдері ретінде мақсатты қолданылуына, сондай-ақ тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың пайдалану деңгейін орташа еуропалық деңгейіне дейін жеткізуге бағытталған қалдықтардың айналу саласындағы мемлекеттің өнеркәсіптік саясатымен анықталатын мәселелердің шешіміне бағыттайды.

Зерттеу нәтижелері. Концепция мақсатты бағдарламаларды; өндіріс және тұтыну қалдықтарының айналу саласындағы экономикалық басқаруын, КРес нарығының дамуын, шикізаттардың, материалдар мен отын-энергетикалық ресурстардың, материалды өндірістің

шикізаттық қамсыздандырылуының қолдану тиімділігінің жоғарылатуын, қалдықтардың қоршаған табиғи ортаға әсер ету деңгейін төмендетуін дайындау кезіндегі шараларын КР қоршаған ортаны қорғау Министрлігі, қоршаған ортаны қорғаудың Аймақтық басқармалары және табиғатты тиімді пайдалануы үшін арналған.

1. *Мәселенің жағдайы.* Отандық экономиканың шикізаттық қорын кеңейтуге, тауарды өндірушілердің материалды қамсыздандырылуының тұрақтылығын жоғарылатуға, шикізаттық, материалды және отын-энергетикалық ресурстардың шығындарын қысқартуға, қоршаған ортаны ластау деңгейінің төмендеуіне арналған жағдайларды жасау 2003-2015 жылдар аралығындағы индустріалды-инновациялық стратегиясында шартталған мәселелерді орындауға бағытталған мемлекеттік өнеркәсіптік саясаттың ең маңызды принциптері болып табылады. Осыған байланысты өндіріс және тұтыну қалдықтарының қолданылуын материалды ресурстардың қайта өндірілуінің негізгі тәсілдерінің бірі ретінде, ал қалдықтардың айналу саласына ғылыми-тәжірибелік зерттемелерінің кең түрде енгізуін осы жұмыс тиімділігін жоғарылатудың стратегиялық қоры ретінде деп қарастыру қажет. Қазақстан Республикасы жаңғыртылатын материалдық, шикізаттық және отын-энергетикалық ресурстар деп сипаттамауға болатын қайталама шикізаттардың айтарлықтай ресурстарына ие болып отыр. Қалдықтардың жинақталу көлемдері шамамен 22 млрд. тоннаны, қалдықтардың түзілу көлемі – жылына 0,8 млрд. тоннаны құрайды. Қалдықтарды КРес ретінде пайдаланудын орташа деңгейі шамамен оннан бірін құрайды. Шаруашылық айналымға тек өтімділігі жоғары және пайдалы қалдықтар, негізінен қара және түрлі-түсті металдардың сыйықтары мен қалдықтары, макулатураның жоғары сұрыпты маркалары, таза текстильді, полимерлі және ағаш қалдықтар, электроэнергетика, металлургия, химия өндірістерінің және құрылымдары өнеркәсібінің минералды қалдықтарының бөлігі кіреді. Қалдықтардың КРес ретінде орташа деңгейлі пайдалануының төмендігінің негізгі факторлары мыналар болып табылады:

- өндіріс және тұтыну қалдықтарының айналу саласындағы занды және нормативті құқықтық негіздердің жеткіліксіздігі мен жетілмелегендігі;
- қалдықтардың айтарлықтай массасының жинақталуы мен өнделуіне арналған жеткілікті экономикалық ынталандырмасының жоқтығы;
- осы саладыға реттеу құралдарының жетілмелегендігі;
- Қазақстанда қалыптастырылған құрамындағы қайталап пайдалануға жарамды болып келетін пайдалы компоненттердің талдамды жинақталуын қарастырмайтын, қатты тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы мен жойылуы практикасының кемшіліктері;
- КРес-дың жинақталуы мен өнделуінің қызметі саласына шағын мен орта бизнестің жеткіліксіз қатыстырылуы;
- қолданыстан шықкан соңғы пайдаланудың өнеркәсіптік өнімінің жинақталу және өнделу инфрақұрылымының жетілмелегендігі;
- кәсіпкерлік қофамдастығының қайталама ресурстарды пайдалану саласындағы жұмыстың мүмкіндіктері, болашағы және экономикалық тартымдылығы туралы ақпараттық қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының айналу саласындағы негізгі занды акті 2007 жылдың 9 қаньтариңдағы Экологиялық кодексі болып табылады. Ол ең алдымен адам мен қоршаған табиғи ортаға қалдықтардың зиянды әсерлерін болдырмау мақсатындағы айналымының құқықтық негіздерін анықтайды. Зан мұндай қалдықтардың шикізаттың қосымша көздері ретінде шаруашылық айналымға тартылу саласындағы құқықтық және экономикалық реттеу әдістерін ашып көрсетпейді. Қалдықтармен айналым саласында басқарудың республикалық және жергілікті органдары қызметінің міндетті координациясы жоқ.

Нәтижесінде қалдықтардың қайталама шикізат ретінде қолданылуы, олардың жинақталуы мен өнделуінің ұйымдастырылуындағы мемлекеттің рөлі міндетті кешенділігі мен нәтижелілігін жоғалтты. Қажетті статистикалық есептіліктің жоқтығы салдарынан қалдықтардың түзілу және қолданылу көлемдері, КРес-дың ішкі нарығының жағдайы толықтай нақты түрде бағалаңбауы мүмкін. Бұл осы нарықты реттеу бойынша негізделген шешімдерді қабылдауды қынданатады. Қалдықтармен айналым саласында заңның қолданылу тәжірибесі мен концепциялық негіздері қалдықтардың шаруашылық айналымына тартылуының ынталандырылу принципінің іске асырылуының шығыны есебінде шаруашылық субъектілері үшін олардың орналасу төлемі

принципінің іске асырылуына ауыртпалық келтіреді. Қалдықтарды пайдаланудың көлемдерін есіру үшін қайталама ресурстары ретінде қалдықтардың жинақталу, дайындалу және өнеркәсіптік қолданылуының саласындағы таза нарықтық қарым-қатынастарды дамытуға арналған тиісті ұйымдастырушылық, нормативті-құқықтық және экономикалық жағдайларды жасау секілді нәтижелік тұтқасы қолданылмайды. Мұндай жағдайларды жасаудың мақсаттылығы қалдықтардың тауар ретінде ерекше қасиеттерімен және түзілу спецификасымен шарттастырылады және болашақта қалдықтардың полигонды жерге көмілуінің толық тоқтатылуын жоспарлап отырган, бүгінгі күні өндіріс және тұтыну қалдықтарының 50%-нан 70%-на дейінгісін қолданып отырган дүние жүзі мен Еуропаның дамыған мемлекеттерінің тәжірибесімен нактыланады. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының еуропалық мемлекеттерде қолданылуының жоғары деңгейлеріне жеткен себебі төменде көлтірілген, ЕК мемлекеттерінде:

- өнімнің пайдалануынан кейінгі оның кейір түрлерінің жинақталуы мен өнделуіне өндірушілер жауапкершілігінің принципі іске асырылады;
- ораманы қолдануға арналған төлемақының нормативтері орнатылған;
- қалдықтардың жеке түрлерінің өнделу деңгейінің мемлекеттік мөлшерлеуі, осы мақсаттарға арналған ҚРес нарығының даму бағдарламалары мен ұлттық жоспарларын дайындау практикаланады, осы саладағы шараларға субсидия көлемдері жоғарылайды;
- қалдықтарды жинақтау мен өндеу кәсіпорындарына салықтық женілдіктердің, женілдікті несиelerдің және женілдікті көліктік тарифтердің берілу практикасы кең таралылымға ие болды;
- мемлекетаралық деңгейде қайталама шикізаттың жинақталуы мен қолданылуының мөлшерлеу масштабтары кеңейтілуде.

Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастыққа интеграциялануы мен Дүниежүзілік сауда үйіміна (ДСҰ) кіру ниетіне байланысты өзіміздің қалдықтарды қолданудың мәселесіне қатынасы түбебейлі түрде өзгеруі керек. Отандық экономиканың алдында тұрған мәселелерді шешу, экологиялық жағдайды, сонымен қатар сыртқы экономикалық қызметпен талап етілетін шарттарды сауықтыру үшін жаңа материалдық ресурстарды іздеу қажеттілігіне қарай өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қолданылуы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерінің бірі болуы қажет.

2. ҚРес нарығының даму мақсаттары мен міндеттері. ҚРес нарығы өз типіне қарай тауарлы нарыққа бірқатар ерекшеліктерге ие болғанына қарамастан, өзін-өзін реттеудің, жеке кәсіпкертіліктің және нормативті-құқықтық мәселелердің бөліміндегі мемлекеттік реттеудің негізінде дамуы қажет. Концепция ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында айқандалған жақын арадағы он жылдың ішінде жалпы ішкі өнімінің екі еселену мәселесіне негізделе отырып, атап да мәселе басты түрде отандық тауар өндірісінің натуралды шамада өсуінің есебінен шешілетін болады, ал өндірістің өсуі халықтың өмір сүру деңгейінің өсуімен бірге жүретін болады. Қайталама нарықтың дамуының негізгі мақсатынан шығарып және халықаралық тәжірибелі ескере отырып келесі негізгі міндеттерді шешу көзделіп отыр:

- ел аймақтарында және өнеркәсіп салаларында қайталама ресурстарды пайдалану шенберіндегі басқарудың принциптері мен құралдарын анықтау және негізін қалау, оған қоса қалдықтарды жинау, қайта өндеу және тасымалдаудағы алдыңғы қатарлы технологияларды және құрал-жабдықтарды қолдануға қолдау көрсету шаралары;
- негізгі өндірісте біріншілік материалды ресурстарды үнемдеу қайталама ресурстармен алмасыра отыру арқылы, шикізат пен материалдарды кешенді қайта өндеудің қолайлы жағдайларын анықтау және қамтамасыз ету;
- ҚРес ретінде өндіру мен тұтыну қалдықтарын пайдалану бойынша арнайы тақырыптық қосымша сағаттар енгізу арқылы орта және жоғары оку орындары арқылы экологиялық білім беруді жоғарылату;
- ҚРес нарығының ұйымдастырушылық-өндірістік инфрақұрылымын дамыту үшін нормативті-құқықтық базаны жетілдіру және өндіру мен тұтыну қалдықтарынан тауарды өнім шыгару саласына шағын және орта бизнес өнеркәсіпперін жұмылдыру;
- ҚРес ретінде ең бірінші пайдаланылатын өндіру мен тұтыну қалдықтарының номенклатурасын анықтау;
- ҚРес-дың аймақтық нарығының мониторингін жасау және дамытудың аймақтық концепцияларын және бағдарламаларын жасау.

Жоғарыда айтылған міндеттерді орындау арқылы келесі нәтижелерге жетеміз:

- қалдықтармен жұмыс істеу саласына инвестициялардың ағылып келуіне ықпал жасалады;
- қалдықтардан немесе оларды пайдаланып жасалған тауарлар көлемі артады;
- қазіргі таңда өндіру мен тұтыну қалдықтарымен шаруашылық айналымнан шығарылып жатқан шикізаттық, материалдық және отын-өнеркәсіптік ресурстардың азауы кемиді, соның салдарынан табиғи шикізатты пайдалану тиімділігі жоғарылайды;
- экономиканың шикізаттың базасының кеңеюіне қолайлы жағдайлар жасалады, соның ішінде Қазақстан Республикасында өте сирек кездесетін немесе мүлдем кездеспейтін табиғи ресурстардың шикізаттарының импорттың азаяды;
- қоршаған табиғи органдың қалдықтармен ластануының деңгейі төмендейді;
- жаңа жұмыс орындарының пайда болуына алып келеді, соның ішінде әсіресе кіші және орта бизнес кәсіпорындарында;
- өндіру мен тұтыну қалдықтарды жинау және қайта өндіреу саласында шетелдік қарым-қатынастары нығаяды;
- халықтың экологиялық, табиғатты қорғау білімінің жоғарылауына алып келеді;
- Қазақстан Республикасының бүкіләлемдік және еуропалық қауымдастыққа интеграциялану процесімен байланысты экологиялық талаптар орындалады.

3. ҚРес нарығын дамуына әсер ететін іс-шаралардың негізгі бағыттары. Қайталама ресурстарды пайдалану саласында реттеу қуралдар мен тетіктерінің дамуы мен жетілдіру міндеттеріне келесілер кіреді:

1. Пайдаланылып болған өзінің тауар өнімін жинау және қайта өндіреудегі өндірушінің немесе иемденушінің жауапкершілік принциптері негізге алынған нормативті-занылыштық негіздерді Қазақстан Республикасының территориясында қамтамасыз ету.

2. Қайталама шикізат ретінде қалдықтарды пайдалануды экономикалық ынталандыру механизмдерін жетілдіру.

3. Қайталама ресурстарға немесе қайталама ресурстардан жасалған өнімге деген сұранысты қалыптастыру, соның ішінде біріншілік ресурстардың орнына қайталама ресурстарды пайдалануды ынталандыру шаралары ретінде әр-түрлі шектеулер мен ынталандыру шараларын ендіру.

4. Пайдаланудан шыққан өнімдерді жинау, қайта өндіреу және жоюды ынталандыру мақсатында кепілдік күнды механизмін пайдалану.

5. Тұтыну қалдықтарының пайда болуы мен пайдалану ерекшеліктерін ескере отырып ҚРес-дың аймақтық нарықтарын (әсіресе қатты тұрмыстық қалдықтарды пайдалану нарығы) дамыту.

6. Кәсіпкерлік іс-әрекет субъектілерін ақпаратты қамтамасыз ету (ҚРес-дың пайда болу көздерінін, осы ресурстарды жинау, дайындау және қайта өндіреу жөніндегі нормативті-құқықтық қамтамасыз ету туралы, қайталама ресурстарды қайта өндіреудегі прогрессивті технологиялар жайындағы, қайталама ресурстарды дайындайтын және қайта өндійтін өндіріс орындары туралы ақпарат базаларын құру және дамыту).

7. Өндіру және тұтыну қалдықтарының жиналуы мен пайдалануын қадағалайтын мемлекеттік статистикалық бақылау түрлерін жетілдіру, қайталама реурстар нарығының статистикалық бақылауын ендіру.

8. Қалдықтардың сертификациясы мен стандартизациясын енгізу және оларды қайта өндіреу технологиялары мен құрал-жабдықтарды сертификациялауды ендіру.

9. Қайталама қалдықтар нарығында жұмыс атқаратын мамандандырылған кадрлар дайындау.

4. Қайталама нарықтың дамуының күтіліп жасақан нәтижеселері. Қайталама нарығын дамытудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру нәтижесінде келесі әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарға күтілуде:

- ҚРес ретінде қолданылмай жатқандарының пайдалану деңгейін көтеру, соның ішінде полимерлі қалдықтар, тозығы шыққан шиналар, өндөлген мотор майлары, эксплуатациядан шығарылған аккумуляторлар, макулатура, ағаш қалдықтары, металлургиялық шлактар және т.б.;
- өнеркәсіптік өнімнің маңызды түрлерін өндірісін көзінде ҚРес өнімнің үлесін арттыру (болат, картон-қағаз өнімі, полимерлі, текстильді, мұнай және ағаш өнімдері, құрылымдары);
- шикізат, материалды және отын-энергетикалық ресурстардың қосымша үнемі;

- өнеркәсіп және тұтыну қалдықтарымен табигат ортасының ластануының деңгейінің төмөндеуі;
- жаңа жұмыс орындарының құрылуы.

Қалдықтарды жинау және қайта өндеу саласында шетелдермен қарым-қатынастардың нығаюына қолайлы жағдайлардың пайда болуы.

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының айналу саласындағы нормативті-құқықтық базаны жетілдіру үшін қайталама қалдықтардың жиналуы мен пайдалану ерекшеліктері анықталған негізгі қағидалары енген техникалық регламенттерді өндеп шығару қажет. Қайталама ресурстарды пайдаланудағы бірынғай мемлекеттік саясатты қалыптастыратын және оны іске асыратын арнайы мемлекеттік мекемелердің нормативтерін анықтау керек. ҚРес нарығын дамыту, ҚРес ретінде пайдаланылатын өнеркәсіп және тұтыну қалдықтарын мемлекеттік статистикалық бақылауға алу және осы саладағы кәсіпкерлік іс-әрекеттерге қолдау көрсету қажет. Арнайы мекемелер өндіріс пен тұтыну қалдықтарын шаруашылак айналымға енгізу мақсатында қабылданатын шешімдерді өзара байланыстыру тәртібін өндеп шығару қажет. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының айналымы саласындағы экономикалық және экологиялық мәселелерді шешу үшін кешенді кірісу қажет. Қалдықтарды жинау, қайта өндеу және пайдалану өнеркәсіптерінің ассоциативті ұйымдарын құруға қолайлы жағдайлар түзу.

Інтальандырудың негізгі құралы мен тетігі болып қалдықтарды өндеудің Экологиялық қорын құру ұсынылған. Оның бюджеті айыппұлдардан, жеке адамдар мен заңды тұлғалардың езіндік есеп-шоттардан, еркін аударулардан және т.б. тұрады. Атылмыш Қордың қаражаты негізінде коммерциялық саладан алынғаннан кейін қалдықтарды жинау, тасымалдау және қайта өндеу саласындағы кәсіпкерлік іс-әрекеттерді қолдауға, аймақтық қалдық өндіртін өндірістердің даму динамикасын ынталандыруға жұмсалуы қажет.

Мемлекеттік статистикалық бақылау нормаларын өндеп шығару, Қазақстан Республикасындағы қайталама материалды ресурстар нарығын және қалдықтар айналымы сласының жағдайын мониторинг әдістемесін жетілдіру қажет. Бұл кәсіпкердің нақты өнімге жауапкершілік принципінің негізін қалау үшін, қалдықтарды жинау және утилизациялау нормативтерін қалыптастыру, қалдықтарды пайдаланатын өнімге деген сұранысты түзу, қалдықтарды қайта өндеуге арналған технологиялардың ішінде ең тиімдісін іріктең алу үшін қажет.

ҚРес нарығының субъектілерін ақпараттың қамтамасыз ету мақсатында қалдықтарды қайта өндеу технологиялары бойынша Регионалды ақпаратты-кеңестік орталық түзу қажет. Қайталама ресурстарды пайдалану мен қайта өндеудегі прогрессивті отандық және шетел технологияларын дайындастырын бірқатар инновациялық жобаларды іске асыру керек.

Қорытынды. Қайталама шикізатты жинау, сорттау, тасымалдау және біріншілік өндеу саласында жұмыс атқаратын нарық субъектілерінің арасындағы қарым-қатынастардың нығаюына жағдай жасау үшін келесі мәселелерді шешу қажет:

- ағаш, текстиль, пластик қалдықтары, макулатура және тағы басқа қайталама шикізаттарының пайда болуы, жиналуы және утилизациясын есепке алу және бақылау орталықтандырылған жүйесін түзу;
- отандық және шетелдік тәжірибелерді ескере отырып қайталама ресурстарының нарығының маркетинг зерттеулерін жүргізу;
- өндіріс пен тұтыну қалдықтарын жинап, сорттаң, тасымалдап және қайта өндеп жатқан өнеркәсіптің паспортын жасау;
- айна-терезе, ағаш, текстиль, пластик қалдықтары, макулатура және тағы басқа қайталама шикізаттарының пайда болуы, жиналуы және утилизациясымен айналысатын барлық шаруашылық субъектілерін паспортизациядан өткізу;
- қайталама шикізатты селективті жинау, сактау және қайта өндеуді қамтамасыз ететін арнайы аландардың орналасуының оптимальды схемасын құрастыру.

1. Минкин Л.М. Управление отходами в Нидерландах [Текст] / Л.М. Минкин, А.Г.Юдин // Науч. и техн. аспекты охраны окружающей среды: обзор информ. / ВИНИТИ. – 2002. – №4. – С.24–77.
2. Егоров О.И. Перспективы комплексного использования твердых бытовых и техногенных отходов//Аль-Пари, 2007.–№ 3–4.–С.228–229.

В статье приводятся основные положения концепции управления вторичными ресурсами в рамках техно-эко-экономической системы. Основополагающим элементом ее должно явиться введение нормативно-законодательных ограничений, а также применение экономических рычагов, в частности разработки организационного механизма на основе маркетинговых исследований функционирования рынка вторичных ресурсов.

In the article substantive provisions over of conception of management secondary resources are brought within the framework of the techno-eco-economical system. By a fundamental element her there must be introduction of normatively-legislative limitations, and also application of economic instruments, in particular developments of organizational mechanism on the basis of marketing researches of functioning of market of secondary resources.

ӘӘЖ 613.11:21

АТЫРАУ ӨҢІРІНДЕГІ ЕДІЛБАЙ ЖӘНЕ АҚ ЖУНДІ ЕДІЛБАЙ ТИПТЕС ҚОЙ ТӨЛДЕРІН ЕТКЕ ӨТКІЗУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИМДІЛІГІ

Ирзагалиев Қ.

Қазақ қой шаруашылығының табысты түрде пайдалануға мүмкіндік

Бұғынгі таңда еділбай және еділбай типтес құйрықты қойларды өсірудің экономикалық тиімділігі басқа бағыттағы қойларға қарағанда едәуір жоғары, ейткені олардан өзіндік құны төмен құнарлы да арзан қой еті әр басқа шаққанда орта есеппен 3-5 кг артық өндіріледі. Еділбай және еділбай типтес құйрықты қойларды өсіру республикамыздың шел, шелейт және қуаң далалы аймақтарындағы жайылымдарды негұрлым тиімді және табысты түрде пайдалануға мүмкіндік береді.

Еділбай қойларының өте бағалы тұқымдық материалдың генетикалық көзі ретінде халық шаруашылығында үлкен маңызы бар, оларды шаруа қожалықтары өздерінің өсіріп отырған қылышық жүнді құйрықты қойларын жақсартушы ретінде кеңінен пайдаланады.

Күні бұғын құйрықты етті-майлы қой шаруашылығы еліміздегі мал шаруашылығының ең басты бағыттарының бірі болып қалыптасуда, бұл сала қой етін өндірудің 70%-дан астамын қамтамасыз етеді. Оған дәлел, еділбай және еділбай типтес қой төлдері тез жетіледі, 12-16 айлығында олардың ет-сүйек қатынасы үлкен қой көрсеткішінің деңгейіне жете – қаба болады.

Ет өнімділігінің сапалық көрсеткіштері малдардың тұқымдық және жеке ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады және малдың тұқымына, жасына, жынысына, азықтандыру және күтілбагу жағдайларына, тез жетілгіштік қасиеттеріне тікелей байланысты болады.

Етті-майлы бағыттағы қой шаруашылығындағы негізгі табыс ереккөзілдерінен бөле салысымен 4-4,5 айлығында, оты, сусы мол жайылымда екі-үш ай жайып семірткеннен кейін 6,5-7 айлығында, сонымен қатар көктемті – жазы жайылым отында қонданып семіргеннен кейін табынды толықтырудан және басқа шаруашылықтарға тұқыммал ретінде сатудан тыс қалған ереккек тоқтыларды 16-18 айлығында етке өткізуден алынады.

Біздің тәжірибелізде Атырау облысынің еділбай қойын өсіретін «Сүйіндік», «Мақаш» және ақ жунді еділбай типтес қой өсірілетін Құрманғазы атындағы тұқыммал зауыттарында аталған қой төлдерін (ереккек тоқтылар) әртүрлі жас кезеңдеріне етке өткізудің экономикалық тиімділігі анықталды.

Экономикалық тиімділікті есептеу үшін әр төлден өндірілетін өнім мен сол төлді күтіп-бағуға жұмсалатын шығын анықталды. Жұн мен еттің бағасы базар нарығымен белгіленді. Барлық өндірілген өнім бағасы мен өндірістік шығынға байланысты зерттеудегі топтар бойынша ет пен жұн өндірудегі таза табыс пен рентабельділік, немесе тиімділік деңгейі анықталды (1-кесте).

Алынған нәтижелер етке өткізудің барлық жас кезеңдерінде ең жоғары экономикалық тиімділікпен еділбай қойы сүйіндік зауыттық сұлесінің төлдері ерекшеленетінін көрсетті: таза пайда қозыларды 4-4,5 айлығында етке тапсырғанда 6490,1 теңгені, тиімділік деңгейі – 269,3%-ды,